АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№1 (538) 6 қаңтар, 2024 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Жастар газетінде ЖАҢА РЕДАКТОР

«Ақмешіт жастары» газетіне жетекшілік жасаған Мөлдір Қалымбет «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне бас редактор болып тағайындалды.

«Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы қызметіне Айдар Сайлауов тағайындалды.

Ол бұған дейін облыстық «Сыр бойы» басылымының тілшісі қызметін атқарған.

Жастардың жаңа жұмысына табыс тілейміз.

Қытайдағы қазақтар ана тілді біле ме? 3

Пайдалы платформа МЕДИЦИНАҒА серпін берді

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттын иелену оңай емес. Оған озық ой мен тың идея керек. Жеңіске жеткеннің өзінде жобаның тамырына қан жүгірту маңызды. Мақсат мардымды, нәтиже нанымды болмаса құр қисаптан түк шықпайды. Ал сырбойылық жас Нұрлан Биімбет дарынын дәлелдеді. Жоба-жоспары да жүйелі.

– «Ақпараттық технология» бағыты бойынша Qmed бағдарламасын әзірледіңіз. Мұның мақсаты мен медицинаға ықпалы жайында сөз қозғасаңыз...

– Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Сондықтан жоба науқастың жағдайын жақсарту, саулығын қадағалау мақсатында жасалды. Qmed – созылмалы ауруларды өзін-өзі бақылауға арналған мобильді платформа. Салмақ, қан қысымы өлшеміне байланысты сауалнама жүргізіледі. Берілген жауап бойынша науқастар аурулар мен аймақтарға автоматты түрде бөлінеді. Ол жасыл, қызыл және сары аймақ. Жағдайға байланысты уақытылы дәрі-дәрмек қабылдау бойынша да нұсқаулық беріледі. Бұл мәліметпен медбике де хабардар болып, сол бойынша ем тағайындайды. Сондықтан медицина үшін пайдалы платформа екені анық.

Күйбең тірлікпен көбі денсаулыққа мән бермейтіні рас. Ал, бұл соның алдын алады. Яғни смартфоннан жағдайын бақылап, өмір сапасын жақсартуға мол мүмкіндік. Күтілетін нәтиже де жаман емес. Асқынуларды ерте болжау арқылы науқастың ауруханаға жатуы мен өлім-жітім деңгейін азайтады.

– Көптеген байқауда қомақты қаржы бөлінеді. Дегенмен «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауының артықшылығы қандай?

– Байқаудың басталатынын интернеттен көрдім. IT саласында 4 жыл жүргеннен кейін, жеңіске жететініме сенімді болдым. Сондай-ақ, бұл мемлекет басшысы тағайындаған грант, республикалық деңгейде өтетін байқау болғаннан кейін әділ өтетініне үміт арттым. Негізгі артықшылығы да осы деп білемін. Осы уақытқа дейін іс-шараларға қатысып, көптеген жобаны жүзеге асырдым. Қабілетімді шыңдап, тәжірибе жинап келемін.

Елімізде дарынды, білімді жас көп. Қарсыластар да осал еместігін байқатты. Қателеспесем, жобаға 3 мыңнан аса өтініш түскен. Жалпы грант саны 30. Бес бағыт бойынша 6 гранттан бөлінді. Кіл мықтының арасында көш бастап, жеңіс тұғырынан көрінгеніме қуаныштымын. Осы жобаның басы-қасында жүріп, қолдау көрсеткен әріптестер, команда бар. Сондықтан, бұл – ортақ жеңіс.

Иә, қомақты қаржы бөлінеді. Маңдай тер мен еңбек ақталып, бұған да қол жеткіздік. Әрі мұны орнымен пайдаланбақшымыз. Стартап компания болған соң команданы жалақымен қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар қаржы техникалық құралдарға да жұмсалмақ. Алдағы уақытта әлем деңгейінде жұмыс істейтін алып компания болсақ деген ниет бар. Ел дамуына үлес қоссақ басты жетістік осы.

– «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлегісіз. Негізгі мамандығыңыз қандай? Ал «qBots» компаниясының негізін қалаушы ретінде не айтасыз?

– Иә, Ресейде мемлекеттік қызмет және корпоративтік персоналды басқару мамандығы бойынша білім алдым. Осылайша 2018 жылы магистратураны тәмамдадым. Елге оралған соң мамандығыммен Алматы қаласының әкімдігінде 1 жыл қызмет атқардым. Жұмыс істеп жүріп, жобамен қосымша айналыстым. 2020 жылдан бастап IT саласына қызығушылық танытып, бірқатар жобаны қолға алдым. Соның бірі – «qBots». Қазіргі таңда 10 шақты қызметкер бар. Бірлесе отырып, 70-тен аса жоба әзірледік. Нарыққа енгеннен 30-35 компаниямен байланыс орнаттық. Техникалық қызмет көрсетіп, тиісті төлемді аламыз. Алғашында телеграм ботты жасақтасақ, қазір бірнеше бағдарламаны іске қосу жоспарда бар.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

Дүрбі

АДАМ САУДАСЫ: КӨЛЕҢКЕДЕ КҮН КЕШКЕНДЕР

Адам құқығын бұзудың ең қатал түрі – адам саудасы. XXI ғасырда өмір сүріп жатқан әлемдегі мыңдаған әйелдер, ерлер мен балалар адам саудасының жан түршігерлік қылмысының құрбаны болып жатады. Өткен жылы бұл бағытта бір ғана Қызылорда өңірінде облыстық полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы қызметкерлерімен 16 қылмыс дерегі анықталған. Басқармасының адам саудасына қарсы күрес бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция капитаны Сапарәлі Әбдірайымовтың айтуынша бұл әлем алаңдап отырған өзекті мәселе.

Иә, іс жүзінде әр елде жеке адамның бостандығы мен құқығы заңды түрде бекітілген. Дегенмен, адам саудасы қазіргі қоғамдағы ділгір жайт болып қала береді. Осы уақытқа дейін адам саудасы Бангладеште, Бразилияда, Гаитиде, Үндістанда, Пәкістанда, Непалда, Ганада және басқа да бірқатар елдерде кеңінен байқалыпты. Оның әртүрлі мақсаттары бар, олар: мәжбүрлі еңбек, жыныстық құлдық, органдарды жинау, суррогат ана болу және басқалары.

«Тірі тауарға тосқауыл» керек

Өкініштісі, құл иеленушілерге қарсы құзырлы органдар тарапынан қолға алынған қарекеттің «тірі тауарға тосқауыл» болмайтыны толық дәлелденіп отыр. Айталық, қылмыстың бұл түрінде еліміздің заңы алдында кінәліні жауапқа тартқызып, жәбірленушінің құқығы қорғалады дегенге күдікпен қарайтындар жетерлік. Бұл сөзімізге дәлел мынау. Республика бойынша, өткен жартыжылдықтың өзінде «11616» нөміріне 837 қоңырау соғылған. Бірақ шалынған қоңырау мен шарқ ұрған шағымның барлығы сотқа жетпеген.

2 бетте

ОБЛЫС ХАЛҚЫНЫҢ 30 ПАЙЫЗЫ ЖАСТАР

Өткен аптада облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов тың төрағалығымен жастар ісі жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Басқосуда өзекті мәселелер қаралып, жыл қорытындыланды.

– Жастармен адресті жұмысты ұйымдастыру, оларды мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға тарту, әскери-патриоттық тәрбие беру мен бос уақытын тиімді ұйымдастыруда жастар ресурстық орталықтарының орны ерекше. Орталықтар жастарға сапалы әрі нәтижелі қызмет көрсетуі үшін ондағы мамандардың біліктілігін арттырып, қажетті материалдық-техникалық базаны үнемі жақсартып отыру қажет, – деді Шахмардан Байманов.

Бүгінде аймақ халқының 30 пайызға жуығы, 244 мыңнан астам адам – 14-35 аралығындағы жастар.

– Биыл Жастар саясаты туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, нәтижелерді бағалау мақсатында даму индексі енгізілді. Индекс 33 индикатор бойынша білім беру, денсаулық сақтау және әл-ауқат, жұмыспен қамту және мүмкіндіктер, саяси қатысу, азаматтық белсенділік, бос уақыт, инфрақұрылымға қолжетімділік, қауіпсіздік секілді 7 бағытта өлшенеді. Бұл бағыттар бойынша аймағымызда көрсеткіштер оң динамикаға дамуда, – деді облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес.

Айта кетсек, облыстағы 10 жастар ресурстық орталығында 169 маман қызмет көрсетуде.

Кеңестің күн тәртібінде жастар мен жасөспірімдер арасында қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі де қаралды. Бұл бағытта облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Д.Майрихов баяндама жасады.

– 2023 жылы жастар арасында 616 қылмыс тіркелген. Облыс бойынша тіркелген қылмыстарға 699 жас пен жасөспірім қатысқан. Олардың ішінде 23 мектеп оқушысы, 47 студент, 68 әртүрлі мекемеде жұмыс істейтін жастар бар. Қалған 561-і немесе 80,2 пайызы – жұмыссыз, еш жерде оқымайтындар. Жастар жасаған 616 қылмыстың 196-сы ұрлық, 62-сі бұзақылық, 92-сі алаяқтық, 23 тонау, 25 ауыр дене жарақатын салу, 35-і есірткі тұтыну, қалғаны – әртүрлі санаттағы қылмыстар, – деді ол.

Жиын соңында Ш.Байманов жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік бастаманы қолдау бойынша басталған істі жалғастыруды тапсырды. Ол жастарды мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға тарту бойынша жұмысты жандандыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктеріне, облыстық қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп отбасының цифрлық картасы ақпараттық жүйесіндегі neet санатындағы жастардың деректерін жинау жұмысын 2024 жылдың 15 қаңтарына дейін аяқтау тапсырылды.

А.САЙЛАУОВ

АДАМ САУДАСЫ:
КӨЛЕҢКЕДЕ КҮН КЕШКЕНДЕР

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сарапшылардың сөзіне сенсек, елдегі «тірі тауарға» қарсы тұру мәселесінде кедергі көп. Мұндай сипаттағы әрбір төртінші қылмыс қана ашылатыны мәлім. Қылмыстарды анықтау көрсеткішінің төмендігі құқық қорғау органдары мен мемлекеттік органдардың дағдарыс орталықтарымен байланысының жоқтығы айтылады. Тіпті, оның бір ұшы сыбайлас жемқорлыққа келіп тірелуі мүмкін екені де сөз болған.

Мәселен, сәбилерді сатуға байланысты қылмыстарда мемлекеттік мекеме өкілдерінің қатысы болып жататыны жасырын емес. Бұдан бөлек, зардап шеккен адамдарды қорғау шараларының әлсіздігі, қоғамның құқықтық сауатының төмен болуы да адам саудасының нарқын қыздырып тұр. Өкінішке қарай, осындай оқиғаларға куә болған күннің өзінде құзырлы орындарға хабар беруге құлық танытатындар аз. Көбінде қылмысқа куә болғаны үшін қудаланып, куәгерден қылмыскерге айналып кетеміз бе деген күдік басым.

Ашық дерек көздеріндегі халықаралық еңбек ұйымы көрсеткен мәліметке сенсек, әлемде жыл сайын 2,45 миллион адам тірі тауардың құрбанына айналады екен. Ал одан түсетін пайда 150 миллиард долларды құрайды. Тоғыз жолдың торабында тұрған біздің елде бұл мәселе қыл ұшында тұр. Айталық, республикада адам саудасына қатысты жыл сайын жүзден аса қылмыстық іс тіркеледі екен.

Құлдық қамыты һәм тәлкекке түскендер

Байқасаңыз, шаруа қожалықтарында зорлықпен жұмысқа жегілген жігіттерді көзіміз көп шалады. Көбінің құжаты жоқ, ішкілікке салынған. Кейбірі құлдықта жүргенін өзі де білмейді.

– Бұрын сотталғандар, балалар үйінен шыққандар, ақыл-есі кем не дұрыс жетілмегендер құлдыққа түседі деп оқығанмын. Құдайдың назарынан тыс қалдым деп қаланың базарында жүрген өмірге өкпелі қаңғыбастар. «Жататын жерің болады, тамақ ағыл-тегіл» деген шаруашылық басшысының «қамқорлық» сөзіне иланып, ақ «Ниваның» салонына өздері-ақ секіріп мінеді. Әккі шаруалар әу баста жұмыскердің жағдайын жасайды. Уақыт өте келе арасында таңғы сағат 6-да тұрғыза бастайды. Содан түн ортасына дейін жұмыс істетеді. Сенбі мен жексенбі күндері қарастырылған демалысты жояды. Ауырып, жатып қалса дәрігерге қаратпайды. Ақша беру былай тұрсын, тамақ бермейді де. Бұл – құлдық, – дейді қоғам белсендісі Т.Меңдібай.



Кейбір полицейлер: «Жұмыстың қиындығына қарамастан өзі істеуге келісті. Ұнамаса кетіп қалмай ма, қашып кетпей ме?» деп сылтауратады екен. Бірақ ол адамдар қайда қашады? Жапан далаға ма? Қашып, ауылдың біреуіне көмек сұрап барса да, оны иесіне тапсырады. Ашуланған иесі өлердей сабап тастайды. 2020 жылдан қазірге дейін мұндай жағдайлар Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы, Балқаш, Шу өңірлерінде, Түркістан облысында да жиі тіркелген.

Сатылған сәбилер шындығы

Бұрнағы жылы бұл үрдіс тым өршіп кетті. Тіпті сазгерлер де «Шетелге ұлмын сатылған» деп ән шығарды. Жақында ғана желіде қызу талқыға түсті. Расымен, бұл жан ауыртатын дүние.

Сәби сату мен сатып алуға қатыстылар – жеке адамдар, яғни баланың анасы мен заңсыз жолмен балалы болғысы келгендер. Бала саудасымен айналысамын деп басы бәлеге қалған медицина қызметкерлері де кездеседі. Мамандардың айтуынша, көбіне жас қыз-келіншектер баласын саудалайды. Ал «тірі тауарды» сатып алушылардың дені – ана болу бақытынан айырылғандар. Құқық қорғау органдары дүние есігін енді ашқан сәбилерді саудаға салғандардың кінәлары толығымен дәлелденсе, екі жақ та жазасыз қалмайтынын ескертеді. Иә, жаңа туған нәрестелерді сату ауыр қылмысқа жатады.

2019 жылы елімізде адам саудасымен айналысқандар үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша Қылмыстық кодекске бірқатар өзгерту мен толықтыру енгізілген. Мәселен, кодекстің 135-бабы бойынша қаралатын істер ауыр қылмыстар санатына жатқызылып, кәмелетке толмағандарды саудаға салып, пайда көздегендерді он сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді. Бұл іске қатысты деректерді сүзіп шықсақ, жаңа туған нәрестелердің құны 1 миллионнан басталып, 3-4 миллион теңгеге дейін бағаланады екен. «Әлі жарық дүниеге келмеген сәбиін анасы интернеттегі түрлі сайттар, әлеуметтік желілер арқылы сатып, ақша тапқысы келеді. Бала асырап алудың сан талаптарын орындап, уақытын жоғалтқысы келмейтін сатып алушылар да көбіне осы тәсіл арқылы «болашақ баласын» іздейді», дейді мамандар.

Бала асырап алу үшін тиісті құжаттарды рәсімдеу керек. Бұл – заң талабы. Оның үстіне кезекке тұру және біраз уақытқа созылатын бюрократиялық кедергілерден өту қажет. Қамқоршы органдар онсыз да туа салып, тағдырдан теперіш көрген сәбиді кім көрінгеннің қолына ұстата салмайтыны тағы түсінікті. Осындай кедергілерді аттап, бала алу үшін, ана бақытын сезіне алмай жүргендер түрлі қулыққа барады.

Баласын асырай алмайтынына көзі жеткен қыз-келіншектер де осы жолды таңдайды.Бұрындары әлеуметтік желілердің бірінде мынадай хабарлама жарияланыпты: «Үшінші баламды көтеріп едім, асырай алмаймын. Күйеуім жоқ. Балалар үйіне өткізіп, далаға тастағаннан гөрі бір мейірімді жан асырап алса деймін. Екі балама нан болуы үшін қаржылай көмек болса» депті. Астына «Мен алайыншы», «Бала асырай алмай жүрміз, маған беріңізші», «ЭКО-дан жол болмады, мен алайын, қаражатпен көмектесемін» деген мәндегі пікірлер көп жазылыпты. Соған қарағанда бала сату бір бөлек, заңсыз жолмен сатып алғысы келетіндер де аз емес сияқты.

Жоғарыда шетел жайлы айттық. Шетелде мұндай оқиға күн санап тіркеледі. Тіпті криминогендік ахуал тұрақсыз мекендерде сәби саудасы негізгі табыстың көзі көрінеді. Біздің ойымызға бала бақытын сезіне алмай отырғандар асырап алады деген ой сақ ете қалады. Шын мәнінде арам пиғылды жандар сәбиді ағзасын сату үшін, құлдыққа салу үшін, сексуалдық мақсатта пайдалану үшін асырап алуы да әбден мүмкін. Осы ретте, БҰҰ-ның балалар саудасының жолын кесу бағдарламалары шеңберінде көптеген мемлекетте кешенді жұмыстар қолға алынып жатыр.

Аймақтағы ахуал қандай?

Адам саудасының қоғамға қауіпі және ел арасында жиі талқыға түсетіні жасырын емес. Конституцияның 1-бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген.

Үкіметтің 2021 жылғы 24 ақпандағы №94 қаулысымен адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспар-кестесінің 13-тармағына сәйкес облыс көлемінде 4 рет «STOP трафик» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілген.

– Өткен жылы ҚР ІІМ-мен Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті қайта құрылған болатын. Облыста ПД ҰККБ-да адам саудасына қарсы бөлім құрылған. Қазіргі таңда бұл бөліммен адам саудасына қарсы қылмыстарды ашу, алдын алу және болдырмау мақсатында профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде.

Жыл басынан 16 қылмыс дерегі анықталды. Атап айтқанда, «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық» дерегімен 8 қылмыс, «Жезөкшелікпен айналысуға тарту» бойынша 3 қылмыс, «Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту» бойынша 2 қылмыс және «Кәмелетке толмағандар саудасы» бойынша 3 қылмыс анықталды, – деді Сапарәлі Әбдірайымов.

Сонымен қатар 2021-2023 жылдарға арналған кешенді келісілген немесе бірлескен жедел-профилактикалық іс-шараларды өткізу жоспарының 21-тармағына сәйкес, облыстық полиция департаментінің тергеу басқармасында ҚР ҚК-нің 312 және 144 бабына сәйкес күдікті тұлғалар анықталып, қазіргі таңда қылмыстық іс сотқа жолданған. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасымен жоспарлы түрде әлеуметтік желілер арқылы өздерін жезөкшелікке ұсыну сайтына мониторинг жүргізу барысында үй-жайларда жезөкшелікпен айналысып жүрген 76 азаматша анықталған.

ҚР ӘҚБтК-нің 449-бабының 1 және 2 бөлігімен (қоғамдық орында тиіскені үшін) 159 хаттама толтырылса, ал 450-бабымен (көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық немесе үй-жайлар ұсыну) 10 хаттама толтырылған.

– Алдағы уақытта адам саудасына байланысты қылмыстармен өзге де құқық бұзушылықтарды болдырмау және жолын кесу мақсатында, мүдделі мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, кешенді жоспарға сәйкес профилактикалық іс-шаралар жалғасын табады. Егерде адам саудасы құрбанын білсеңіз 116, 16 немесе 102 нөмеріне қоңырау шалуыңызды сұраймыз, – дейді адам саудасына қарсы күрес бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Сапарәлі Әбдірайымов.

Аңғарғанымыз, кейбір жандар өз өзін «құл» етуі мүмкін. Еркінен тыс еркіндігінен айырылғандардың мұңы тіптен ауыр. Тәуелсіз елде жүріп тәуелділікке түсуден асқан сынақ жоқ шығар. Сондықтан құзырлы мекеме бұл қылмыспен жүйелі түрде күресе бермек.

Айдар САЙЛАУОВ

Арыз бен парыз арасы

Кейінгі кездері білім саласында жағымсыз жайттар жаға ұстатып, қоғамдағы ұстаздардың беделі мен мәртебесін төмендете түскені жасырын емес. Саланы дамытуға бөлінген теңгелер «жеңгелердің» жеңінің ішінде, әлді «әпкелердің» ықпалында, «қаһарман ағайлардың қалтасында» кетіп жатқандай. Бірінен соң бірі «ақша жеді» деген айыппен жолдан тайғандар бар. Одан қалды, ағайлардың үстінен арыз төпеліп, мұғалімдер шәкірттердің бетіне қарай алмауда. Ал бірде төрдегі орынға телінген ұлағатты жандарды мына қоғам болып, ұлықтай алмай жатырмыз ба деп тағы бір ойдың үстінде қаласың.

Абыройы мен беделі биік ағам бар. Ес білгелі ұстаз, әлі де зейнетке жасы жетпеген, білім ошағын басқарып отыр. Кейде кей басшылардың қызметкерлерінің арасындағы беделі туралы айтқанда алдымен басшының өзіне тән этикеті туралы сөз ететін. Өзінің деңгейін түсірмей, қай кезде де болмысын биік етіп, болмашыға жақындамай, таза жүріп, таза сөйлегенде ғана беделің болатынын жиі айтатын. Расында, әлгі ағамның беделі мен мәртебесінің төмендегенін көрмедім. Шәкірттері шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейтін досымды әңгімеге тартқан едім, ол тіпті көзі шарасынан шыға жаздап тұр. «Біз артық ешнәрсе айта алмаймыз» деп, баяғы «диктаторлық әдістің» ұшын шығарды. Әйтсе де, есімін жариялама жазуыма рұқсат берді.

«Осыдан 3-4 жылдай уақыт бұрын бір мықты математик сотталып кетті», – деді досым күрсініп. Рас, оның жанарынан бір үрей байқадым. Үрей дегенде де біреуден, әлдекімнен қорқу емес, болашақтан қорқу. Кішкентайынан ұлттық мүдде, елдік мәселе дегенді көп айтатын, тіпті, бала күнімізде футбол көріп отырып, өзі жанкүйер болатын команданы боқтап-боралап, күйіп-пісіп жүретін. Баяғы болмысы өзгермепті, тек «диктаторлық жүйе» әбден қыспақтап, оны да «рәмкінің» ішіне сығызып жіберіпті.

«Өзің білесің, бала-шағам бар, несие мен ипотекаға да баймын, шүкір. Сондықтан, ләпбай тақсыр деп, құлдық ұрамыз. Жасыратын несі бар, сол математик мұғалім оқушының бір ауыз сөзі үшін сегіз жыл арқалап кетті. Ал ол сондай талапшыл еді. Бойында теріс қылық болмайтын. Балаларға есеп үйретемін деп, өз есебін ұмытып жүретін жан. Ал кешегі дене шынықтыру пәнінің мұғаліміне жазылған арыздан соң біз бәріміз қорқып қалдық. Сенесің бе, өз жұмысымызды істеуге қорқамыз. Баланың денесіне қолың тимеу керек. Ал бала жаттығу кезінде жазым болып қалуы мүмкін, біз сақтандырып, оны демеуіміз керек. Демесек, педофилсің дейді, демей алмай, ол травма алса, өз ісіңе мұқият қарамадың дейді. «Жұмсақ түйе жүндеуге жақсы» деп, қоғам болып, кім жаман – мұғалім жаман қылды. Қалай күймейсің? Кейде осы пәлен жылғы тәжірибем мен оқуға кеткен жылыма қолымды бір сілтеп, безіп кеткім келеді. Ал безгенде қайда барасың?», – дейді мұғалім досым.

Мұнан бөлек, ұстаздың абыройы мен беделін төмендетуге өзіміз атсалысқан тағы бір себеп бар. Ол – білім алуға икемі жоқ балаға «Әй, балам, жерде қалмайсың, ауылға мұғалім қыламын» деп, оны кейінгі ұрпаққа білім беруге әкелу. Таяуда ғана «Үздік педагог» атағын жеңіп алған жерлесіміз Әсел Пірмағамбетова осы бағыттағы сұраққа: «Баланы бұл мамандыққа бағыттамас бұрын бірінші әлеуметтік жағдайды басты орынға қоймай, баланың икемділігіне, ерекшелігіне баса назар аударса екен деймін. «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» демекші, жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбиемен сусындататын жауапты мамандыққа бей-жәй қарап келе салу жауапсыздық» деген болатын. Әйтсе де, бұл талапты ескеріп жатқандар қаншалықты деп тағы да қалың ойға шомамыз ғой.

Білім саласында тағы бір жігітті танимын. Қазір мектепте он жылдан астам уақыт болды, еңбек етіп жүр. Бірақ не ізденіс, не даму, не болашаққа жоспар жоқ. Жігіт болған соң кейде оның намысын жанып, алға қадам басу керек екенін қаттырақ айтамыз. Қоғам да, адам да өзгеріп жатыр, ал оның өзгермейтін бір ғана жауабы бар: «Көтерілу, сағат, санат, марапат дегеннің бәрі де ақша, таныс арқылы жүреді. Мен олай абыройым мен арымды сатқанша, осылай жүре берейін. Жұмысқа барам, үйге қайтам, осы өмірім ұнайды» дейді.

Адам да, маман да әртүрлі ғой. Ал біз кейде баламызды осындай ұстаздар тәрбиелеп, білім беріп жатыр дегенді ойға алғанда елдің келешегі қалай болар екен деп қатты ойланамыз. Мықтылар бар екені рас, оны қоғам да мойындаған. Бірақ әлгіндей мамандардан кемінде 100 бала тәлім алады, олар бір-бір шаңырақты ұстайды, балаларға ақыл үйретеді. Өмір өзі тәрбиелеп алады дейміз, бірақ өмір мектебіне қашанғы арқа сүйей береміз. Оны да ойланған жөн шығар...

Аян СПАНДИЯР

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР АНА ТІЛДІ БІЛЕ МЕ?

Тіл – ұлттар арасындағы алтын көпір. Көп тіл арқылы адамдардың таным көкжиегі кеңейеді. Оған қоса, аспан астындағы халықтардың салт-санасы, дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы біліп, тұлғалық деңгей жоғарылайды. Осындай озық жетістікке жеткен қандас бауыр Жамбыл Бақытәлі қызылордалық жастарға қытай тілін үйретіп, руханиятқа өз үлесін қосуда.

– Қытай жазба әдебиетінің қазақ поэзиясынан нендей ерекшелігі бар?

– Қытай халқы жазба әдебиетінің негізі өте ертеде қаланған. Шығыстың жазушылары шалқып, жазбаның құрылымын көңілдің ырғағына билетіп жазуға әбден дағдыланған. Ал, оның қазақ поэзиясына ұшығы жеткені жақында ғана. Бізде бұл үрдісті «ақ өлең» дейді. Қазақ қоғамы оны әлі күнге толықтай түсініп, қабылдай қойған жоқ. Тарихи ұқсастығына келсек, Қытай поэзиясының гүлденген кезеңі – Таң дәуірі. Патша ордасына ақындарды алдырып, «сарай ақыны» деген атақ беріп, өлең-жырын тыңдаған. Бұл қазақ хандарының жырауға көрсеткен құрметіне ұқсайды. Осындай жағдайлар әдебиеттің, поэзияның дамуына түрткі бола алды. Менің ойымша, жаңа заманда қытай мен қазақ халқының әдебиетінде ұқсастық бар. Себебі қытай тілінен көптеген материалдар аударылған. Оған қоса, екі ұлт та саяси еркіндікті қалағандығы сөзіме тұздық.

– Қытай қазақтарының сөз орамы, сөйлеу мәнері өзгеше. Көбі әдеби тілмен сөйлейді деген пікірде. Бұл көзқарас қаншалықты рас?

– Қытай қазақтары ұлтымыздың ана тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жақсы сақтап қалған. Оған шүбә келтіруідің өзі оғаш. Себебі, Қытайдағы қазақтар күні бүгінге дейін ертедегі қауым секілді көшпелі дала тұрмысын жалғастырып келеді. Көшіп-қона отырып, мал шаруашылығын барынша дамытты. Қазақтың негізгі тілдік қоры ірі қараға байланысты ғой. Күнделікті тұрмыста қолданылып отырған соң, тіл әуелгі негізін сақтап қалған. Бір қызығы, қанша мақалдап, өлеңдетіп, орағытып сөйлеп тұрса да, оны «әдеби тіл» деп қарамайды. Олар үшін ол қалыпты ауызекі тіл. Салт-дәстүрінің, тіл-мәдениетінің өзгермеуіне тағы бір себеп, ол жақтағы қазақтар құлдық, аштық дәуірді ұзақ бастан кешпеген. Өз еркімен даланың тағысы секілді өмір сүрген. Қытайдағы қазақ тілі азды-көпті грамматикалық өзгерістерге ұшыраған. Ғалымдар бұл құбылыстарды зерттеуде. Алайда Қытайдағы қазақ сөздері мән-мағынасын, құндылығын жоғалтпаған.

– Қытай қазақтары арасында тек қытай тілінде сөйлеу дағдысы бары айталады. Бұл сіздің буында байқала ма?

– Қытайда жүргенімде бұрын-соңды «тек қытай тілінде сөйлейтін» қазақты кездестірмеппін. Бірақ жастардың бәрі қытайшаны жетік біледі. Себебі бұл – қоғам талабы. Қытай тілін білмесе жұмысқа тұру қиынға соғады. Ашығын айтқанда, тіл білмеушілік – тұрмыс-тіршілігінің ауырлауына себеп болады. Менің құрдастарым қазақ тілін жетік біледі. Қытайда тұрған кезде әр ауылда арнайы қазақ мектептері болды, көбіміз қазақша оқыдық. Жақында Қытайда болдым. Соңымнан ерген іні-қарындастарымның ана тілге шорқақ екенін көрдім. Оған себеп мектепте сабақ тек қытай тілінде және достарым аптаның соңғы екі күні ғана жанұясымен қауышады. Қалған уақыты тағы өмір тек мектепте өтеді. Қазақ бауырларымның тілдік өзгеріске ұшырағаны қынжылтады. Алайда бұған бір дауа табылатынына сенемін.

– Қазақ ақын-жазушыларынан қай қаламгерді үлгі тұтасыз?

– Өлең шығаруды жаным сүйеді. Анда-санда домбырамды шертіп, суырыпсалма ақындық қабілетімді шыңдап отырамын. Менің қазақ ақын жазушыларынан үлгі тұтар алпауыт тұлғам көп. Әрбір қаламгердің есімі елдің есінде бекер сақталмайды. Қазақ тілінің шоқтығы биік болуының себебі де осы қалам мен қағазды ұштастыра білген әдебиет майталмандарының арқасы деп білемін. Тың тарихи еңбектерімен Мұхтар Шаханов пен Мұқағали Мақатаев жүрегімнен ерекше орын алады. Олай деуіме себеп, Қытайдағы қазақтардың осы заман поэзиясымен шөлін қандырып, атажұртқа деген сағынышын оятқан тұлғалар. М.Шахановтың философиялық ой-толғаулары, рухты өлең жолдары мені жігерлендіреді. Ал Мұқағалидың шеберлігі қай-қайсысымызды болсын таңқалдыратыны өтірік емес. Ол әрбір сөзді нақышына сай қолдана білетін, сөз мағынасын құбылтып, айтпақ ойын нақ жеткізетін дарынға ие. Жазу ерекшелігі жағынан қазақ поэзиясына өзіндік ойын қалыптастырған Есенғали Раушановты, Ерлан Жүністі айтар едім. Е.Раушановтың поэтикалық лексиконы мол, ой мен сөзі үндестік тапқан қаламгер. Мінезі жағынан жас ақын Файзулла Төлтайды атап өтер едім.

– Тіл білу – өнер. Алайда Қазақстанда екінің бірі қытай тілін білмейді. Отанға оралған соң қиын тілдің сөздері ойдан өшіп қалмады ма?

– Иә, қазақ тілінде сөйлесем де, қытай тілін құрметтеймін. Қазір заман дамыған. Бұл тілдің нендей артықшылығы бар екенін атамасам да түсінікті деп ойлаймын. Бәсекеге қабілеттімін дейтін әрбір жас тіл білудің маңызын біледі.

– Тілді ұмытып қалу мүмкін бе?

– Әрине, егер тілді мүлдем қолданыста тұтынбасаңыз жиған білімнің бәрі ауаға кететіні рас. Алайда кино, сериал, подкаст тыңдау арқылы тілді шыңдап, сөздік қорды байытып отыруға мүмкіндік бар. Осы орайда тілді ұмытпас үшін әрі әрқашан қолданыста ұстап қалу мақсатында қытай тілін үйретін шағын курс аштым. Біліміді арттырып қана қоймай, өзге ұлттың мәдениеті мен тарихына көз жүгіртіп, рухани дамуға да мүмкіндік болатынына сенемін. Қытай тілі – Халықаралық деңгейге көтерілген, әлем экономикасына тікелей әсер етеді. Оны білу артық болмас, қазақ қоғамы да бұдан қалыс қалмау керек деп білемін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұршат НЫШАНОВА

ЫҒЫР ШЫҒАРҒАН ЫРҒАҚ, МӘНІ ТАЯЗ МАЗМҰН...

Өнер жастың ғана емес, бүтін қоғамның сана деңгейі мен таным-түсінігінен хабар беретіні анық. Әсіресе, ән өнерінің әлемі адамдар арасындағы байланысты нығайтып, мәдени болмысты қалыптастыруға жол ашады.

Алайда соңғы уақытта қазақ эстрадасындағы арзан әуен, мәнсіз сөздің бағыты бұл бағаға кереғар секілді. Кей әннің ығырыңды шығаратын ырғағы мен мазаңды қашыратын мазмұны аталған тақырыпқа қалам тербеуге түрткі болуда. Бүгінгі эстраданың аяқалысы мен ән сөзінің салмағын таразылап көрелік. Шынында, «эстрада жұлдызы» атанып жүрген әншілердің арзан әнге құмартқаны жасырын емес. Әуез шалалығын айтпағанда, ән сөзінің салмағы аз, қабыспайтын тұсы көп. Тіпті кейбірі мұндай қадам танымал болудың төте жолы деп түсініп, бір-бірінен өткен сорақы әндерді жарыққа шығаруда. Әдепкіде мағына алшақтығы байқалса, бүгінде бейпіл сөз, жосықсыз әңгіме де ән сөзінен байқалып жүр. Әрине, мақал қосып, әсірелеу заман талабы емес шығар, бірақ салмақты сөзге әлі сұраныс барын ұмытқандаймыз.

Бір қарағанда болмашы дүние көрінгенімен, мәселенің мәні тереңде. Миллиондаған тыңдарманға жол тартқан өнер туындысының эстетикалық деңгейі төмен, мағыналық мәні жұтаң болуы – өрескел қателік. Себебі дүниетанымы енді қалыптасып келе жатқан жас буын әндегі орынсыз сөз саптауды «норма» деп қабылдап, тіпті өзара сөйлеу стиліне енгізуі ықтимал. Өйткені, өнер қоғамды тәрбиелеуші негізгі құрал емес пе?!

Әр сөзі қатеге тұнған әндердің мысалын алыстан іздеудің қажеті шамалы. Той-томалақ пен «хит» әндердің мәнін талдау жеткілікті. Бүгінгі шырқалып жүрген мағынасыз әндердің бір бөлігіне КешYOU тобының «Swala La La», «Диета KZ» тобының «Че там, қарындас?», Кентал есімді әншінің «Құдағи», Бейбіт Көшқалиевтің «Лаула» сынды әндерін жатқызуға болады. Асхат Тарғынның «Чип-чипін»-нен енді ғана айыққан эстрадада ұйқас пен буыннан ада әндер қайта қаптауда.

Мысалға келтірген Кентал есімді әншінің «Құдағи» әні жиын-тойда міндетті түрде қойылатыны анық. Көбіміз мәні мен мағынасы жоқ сол әуенге елітіп, лепіре билеуге әуеспіз. Жұрт құмарта билейтін сол әннің сөзінің сиқы мынау:

«Жігіт жолдас осылай билейд(і),
Қыз жолдас осылай билейд(і),
Інілер осылай билейд(і),
Қарындастар осылай билейд(і),
Әпкелер осылай билейд(і),
Аналар осылай билейд(і),
Анам осылай билейд(і),
Әкем осылай билейд(і).
Құрбы-достар билеп тұр,
Туысқандар билеп тұр,
Құда өзі билеп тұр,
Бірақ бір кісі билемей отыр.
Құдағи, құдағи бір би,
Құдағи, құдағи бір би,
Бір партия.
Құдағи, құдағи бір би,
Құдағи, құдағи бір би».

Расында сорақы. Талғам-түсінікті былай қойғанда, кәсібилік деген ұғым бар емес пе?! Мұндай мәндегі әнге басымдық берген орындаушының шығармашылық әлеуеті мен өнерге көзқарасы туралы салмақты баға беру мүмкін емес. «Аяқты қимылдат», «Че там қарындас», «Титтей», «Кетті, лақты ол, тыңдамай», «Ақ көйлегім бар дейсің…» сынды әндер халықтың санасын улап, талғамын түсіріп келеді.

Әншілердің басым дені мұндай өкпе-назға «Халықтың деңгейі осы болған соң, біз де соған сай ән жазамыз» деп жауап беруде. Алайда халықтың талғамын қалыптастыратын өнер адамдары екенін ұмытқан секілді. Өнері мен жүріс-тұрысы арқылы үлгі бере алса, қай қоғам болмасын өзге сатыға көтерілері анық. Кез келген адам композитор, ақын деген статусты иеленіп, өзім білемдікке салынған тұста бұл ұстаным да көмескіленуде. Ән өнерінің бағасын арзандатып, тақпақ пен өлеңнің аражігін ажырата алмау осыған әкеліп отыр. Арзан күлкі, орынсыз сөзден халық тез жалығып, өзге әнді күтуге көшеді. Содан болар, бұл бағыттағы әндердің қатары қалың.

Оған қоса «хит» музыка ырғағы жылдам, сөзі тез жатталатын, айтуға ыңғайы болу керек теген қасаң қағида да өнерді кенжелетіп отыр.

«Халықтың сұранысы, талғамы осы болған соң қайтеміз?» деп ақталады көп әнші. Пайда тапсақ болды деп пайдасыз дүниелерді халыққа ұсынуды қашан қояды екенбіз?! Талғамымыздың мұншалықты төмен-дегеніне таңғаламын кейде.

Сонымен қатар мәнсіз сөз тек той-томалақтағы әндерде емес, жастардың сүйіп тыңдайтын заманауи бағыттан да байқалады. Мәселен, танымал Ninety One тобының әндері де киелі өнердің қадірін кетіруде. Бұл олардың музыкалық қабілеті мен эстетикалық талғамына берілген баға емес. Жай ғана сөз өнерінің салмағын жеңілдеткен ән сөзіне қатысты ұстаным. Топ орындауындағы «All i need» әнін алайық. Мынадай өлең жолдары кездеседі:

«Мен ұқпаймын не ұнайды,
Тым қиын, талдап көрсең.
Біресе – былай,
біресе – былай,
менің
жүрегім – Алдар
Көсе!
Түйсігім дана-көсем,
«тек ми ісіткен бала өсер».
Сүйсінген адам өзіне
– қисығын балап төзеді!».

Жасыратын несі бар, көп жастың қалтафонында осы мәндес заманауи әуен жетерлік. Осы орайда қызылордалық жас әнші Болатбек Әмірханнан неліктен мұндай әндерге сұраныс жоғары екенін, жастардың осы мазмұндағы шығармаларға әуестігі туралы пікірін білген едік.

– Аталған әндерді мен де тыңдаймын. Ол шығармаларды тойда орындағанды, бейнежазба мен әлеуметтік желіде қолданғанды ұнатамын. Алайда бұл өлең-сөзге немқұрайлы қарау дегенді білдірмейді. Бұл жастармен бір толқында болуға, көптің ой-сезімін түсінуге мүмкіндік береді. Ал ән сөзінің мағынасының арзандауы ғаламдық құбылыс. Бұл үрдіспен құзіретті мекеме айналысуға тиіс. Арнайы комиссия құрылу керек те шығар. Сонда ғана қоғамдық талғам қалыптасады деп ойлаймын, – дейді ол.

P.S. Технологиялық игілік емес, өнер ғана адамзаттың интеллект деңгейін өрістетеді. Жан-дүниемен жалғасқан әуен, сурет, сөз – ұлы ойларды тударуға қауқарлы. Сондықтан қоғам үшін қай өнердің болмасын «халтурадан» ада болғаны пайдалы.

Берен ШАҒЫРОВ

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМДЕГІ БІР КҮН

Сырқаттансақ, жедел жәрдем қызметіне жүгінеміз. Уақытылы келуін асыға күтеміз. Дер кезінде жасалған ем ауруға айығуға негіз. Осы орайда жедел-жәрдем қызметкерінің бір күніне үңіліп, тыныс-тіршілігін жазуды жөн көрдік.

Облыстық жедел жәрдем станциясы фельдшер субординатор Саят Қыстаубаевтың тәжірибесі – 12 жыл. Ол Қызылорда медициналық колледжін емдеу ісі бөлімі, фельдшер мамандығы бойынша бітірген.

– Жұмысым ұнайды. Қиыншылығы көп, дегенмен қызықты сәттері де жетерлік. Бұл салаға келуіме марқұм әжемнің сырқаты, әкемнің жол көрсетуі себепші болды. Әрине, өзімнің қалауым басты орында.

Ал қызығы жетерлік. Мәселен, 1 сағат ішетін асыңды 3 минутта ішіп шығасың, қараңғыда көмекке барған үйдің аяқ киімін ауыстырып киіп кетесің, есікті ашпай, «Тұра тұрыңыз, төсекке жатып алсын» дейтін кез болады, – дейді ол.

Саяттың бір күні, екінші күннен ерекше өтеді. Күнде неше түрлі тағдырды кездестіреді.

Кейіпкеріміздің сөзінше, ел арасында жедел жәрдем шақырған кезде кешігеді деген түсінік қалыптасқан. Осы төңіректе көптеген қиындық болады. Шақырту көп болады, кейде шақырту түскен бойда шықсаң да жолда түрлі жағдай орын алуы мүмкін. Бір шақыртуға әр түрлі уақыт кетеді екен. Науқастың жағдайы, ауа райы, жол ұзақтығы, мекен жайын дұрыс беруі барлығы әсер етеді. Сондықтан тура уақыт қою қиын.

Адам баласының басына төнер қауіп көп. Соның бірі – аяқ астынан болатын жарақат түрлері. Жол-көлік оқиғасында күнделікті тұрмыста, құрылыста, өндірісте, әйтеуір әр жерде, түрлі сипатта, түрлі дәрежеде орын алуы ықтимал. Осындай сәтте жедел жәрдем қызметі шақырылады. Сондықтан жаныңнан табылатын ақ халаттылардың білім білігіне көп дүние байланысты. Тіпті ауруханаға дейінгі жасалған алғашқы көмектің маңызы зор.

– Көбінесе аймақта жүрек-қан тамырлары жүйесінің сырқаты, эпидемиялық ахуалға байланысты әртүрлі ауру болады. Иә, күту уақыты кейде ұзап кетеді. Себебі бір мезетте көптеген шақырыс бірден түсіп жатады. Шақырыстар санаттылығы да рөл ойнайды. Жол-көлік оқиғасы немесе тағы сол сияқты жедел шақырыстарға бірінші кезекте қызмет көрсетіледі, – дейді маман.

Бүгінде облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы күніне 1200-1300-ден аса шақырту қабылдайды. Ал мереке қарсаңы мен демалыс күні бұл көрсеткіш тіпті көбейеді.

Демек, адам саулығын алдыңғы орынға қоятын медицина мамандары қандай құрметке де лайық.

Мөлдір САБЫРЖАН

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА

Медицинаны сонау көшпелі мәдениетте жүріп, зерттеп білген қазақ үшін бүгінгі тың жаңалықтың әрбірі қалыпты тәрізді. Өйткені жақсы нәрсеге жанымыз тез үйренеді. Әлем емін таба алмай жүрген талай дертті бие сүтімен емдеп, ағарғанның ақ ниетін байқадық. Әйтсе де, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған ноно технология бізге таңданбасқа амал қалдырмай отыр. Сонымен жасанды интеллекттің әлем медицинасына тигізер ықпалы қандай?!

Бүгінгі таңда көз ілеспес дамыған ғылым да, жаңа технологиялар көңілге күмән ұялатқанмен, уақыт жағынан үнемді екенін айтып жүргендер көп. Әлбетте, соңғы технологияның басқа да түрлерімен көп жағдайда адам өміріне араша түскен ақ халаттылардың ұшан-теңіз еңбегінің арасында ерекше ықпалы бар екеніне көз жеткізіп келеміз. Әйтпесе, мидың қатпар-қатпар қуысында не болып жатқанын басты ашпай-ақ анықтап жатпас та едік?! Ішкі құрылыста бауыр мен бүйректің, өкпе мен жүректің жағдайына қанықпас та едік. Бірақ бір ескерерлігі, жасанды интеллектті де адам басқарады. Ал басқара алмаса тағы қиын.

Мәселен, электронды медициналық карталар. Білім саласындағы электронды күнделік тәрізді бұл да талай дәрігердің өкпе-ренішіне арқау болды. Бұл жайлы «Northwell Health» желісінің президенті Майкл Доулинг өзінің «Денсаулық сақтау саласындағы қайта жүктеу» атты кітабында ерекше тоқталып атап өтеді.

«Ол талай дәрігердің өкпе-назын тудырды. Бұл карталар науқас туралы егжей-тегжейлі мәліметті сақтап, тіпті, бақылап, көріп отыруға зор мүмкіндік береді. Оның бір қиыншылығы бар. Дәрігер науқас қабылдауға арналған уақытының көп бөлігін әлгі картаны толтыруға жібереді. Ең қажетті, маңызды, негізгі мәліметтерді базаға салу ұзақ уақытқа созылып кетуі мүмкін», – дейді ол.

Осы карталар қолданысқа ене бастаған сәтте дәрігерлердің алдында бірнеше мәселе туындады. Оның біріншісі жасы біразға келген, егде тартқан дәрігерлер де бар. Олар картаны қолданбас бұрын, әуелі электронды есептеуіш машинасымен жұмыс істей алу керек. Сондықтан жер-жерде компьютердің тілін білуге ұмтылған мамандар үшін түрлі деңгейдегі курстар ашыла бастағанын көзіміз көрді. Алғашқыда жұмыс уақытының 6 сағатын осы картаны толтыруға арнады. Ал интернет желісі сөзбен айтқанда керемет, іске келгенде «әттеген-ай» болған біз тәрізді елдерде бұл тіпті қиынға соқты.

«Scripps Research» мекемесінің атқарушы вице-президенті Эрик Тополь мұндай бағыттағы жаңа технологияларды дұрыс меңгеріп, іске дұрыс бағыттағанда ғана тиімді ықпалын көретінімізді айтады. Өйткені ғалам осы бағытқа көшті. Ойлап қараңыз, жасанды интеллекттің ең бастапқы қадамы осы электронды карта болатын. Әдепкіде үрке қарағанымызбен, қазір дәрігердің өзін үйге арнаулы база ақыры шақырып отырмыз.

Осы орайда ең үлкен сұрақ туындайды. Жасанды интеллект дәрігерлердің орнын баса ала ма?! Дамыған ғылым үдерісі ешкімнің тоқта дегеніне көнбейді. Өйткені көш жүреді, аялдай қалдыңыз ба, көштен қаласыз. Әлемде өзі жүретін автокөліктердің өзі нарыққа шығып жатқанда сіз емханаға бара қалсаңыз, алдыңыздан робот қарсы алса, таңқалмаңыз. Мысалы, АҚШ-та өздігінен жүретін көліктер қолданысқа енгізілсе, 2 миллиондай адам тұрақты жұмысынан қағылуы мүмкін. Десе де, бұл мәселе дәрігерлерге қатысты ма?! Отаны роботтар жасады делік. Құдай сақтасын, ақау шыға қалса, сол қалпыңыздан оянбай қалуыңыз мүмкін ғой.

Жасанды интеллектті дәрігер басқаратыны анық. Өйткені адамзат баласының тарихындағы ең ірі екі мамандық бар. Бірі – дәрігер, екіншісі – мұғалім. Қоғамдағы белсенді азаматтардың көпшілігі жасанды интеллект осы екі мамандықтың орнын баса алмайтынын, жай ғана көмекші бола алатынын айтады. Әйтсе де, әлемнің танымал кәсіпкері Эндрю Янг бұған қарсы пікір айтады. Ол

«Қарапайым адамдарға қарсы соғыс» кітабында «автоматтандыру үрдісі дәрігер, заңгер, бухгалтер, қаржы кеңесшісі, трейдер, журналист, тіпті суретші мен психолог секілді мамандықтарға да қауіп төндіреді» деп жазған.

Жасанды интеллекттің ең маңызды жақсы жағы: біріншіден, адамдарды жалықтыратын жұмыстардан жалықпайды және ол үшін үзіліс, демалыс, тыныңу керек емес.

Түптеп келгенде, медицинада жасанды интеллектті аз уақытта көп рентген кескінін қарап шығып, оларды каталогта бар кескіндердің орасан зор санымен салыстыратындай күйге апаруға әбден болады. Өйткені мұндай жұмыстарда адамның жиі қателесу қаупі бар. Ал бұл бір жұмыс күшін толтырады және рентгенологқа айтарлықтай көмек болар еді. Алайда алдағы уақытта жасанды интеллект диагностикамен айналысса, рентгенологтар жұмыс жөнінен қиындыққа тап болуы ғажап емес.

Топольді турасын айтты деп отырған боларсыз. Бәлкім, оның пікірімен келіспессіз. Бірақ, Топольдің түсінігінде былай: «Машиналар кей міндеттерді атқару барысында адам баласынан асып түсуі әбден мүмкін. Адамдар машиналардан адамгершілік қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Ал науқасқа керегі – дәрігердің мейірімі мен жанашырлығы. Бұл тұста жасанды интеллект дәрігерлерді ауыстыра алмайтыны анық».

Алдына келген науқастың тән жарасымен қоса жан жарасын тануға барынша атсалысып, Гиппократ антына беріктігін байқатып жүрген абзал жандарға жасанды интеллект жай ғана көмекші құрал бола алады. Мәселен, жоғарыда айтқан электронды медициналық карталарды толтыруы мүмкін. Ал науқасқа көбірек көңіл бөлетін қай дәрігерді болсын, робот ешқашан ауыстыра алмайды. Бастысы, көмекші ретінде дәрігердің уақытын тиімді жұмсауына ықпал етеді.

Бала күнімізде пультпен басқаратын теледидар, жарық, автомобиль жай ғана ертегі тәрізді болатын. Қазір әрбіріміздің қолданысымызда. Ендеше жасанды интеллекттің әлемде қарқын алуы елімізге де ену мүмкіндігін көрсетеді.

Дәулет ҚЫРДАН

ОРМАНШЫ БЕЙБІТ



«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтатын табиғаттың тілі жоқ» дегенді адамзат үзбей айтып келеді. Кейде адамдар табиғаттың ата жауы тәрізді, жойқын жауыздықпен әрекет етеді. Иыққа мылтықты іліп, аңды ысырапшылықпен атып, отын көрсек, тамырымен жұламыз. Әйтсе де, бір нәрсені түсіну керек. Өмір бүгінмен тоқтап қалмайды. Жол бойында өсіп тұрған Сыр талы, торанғыл, терек пен жидені айтпағанда сексеуілдің өзі өздігінен шықпайды. Оны да Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме мамандары күннің аптап ыстығы мен өңменіннен өткен қара суыққа қарамай егіп, өсіріп, қорғап жүр. Соның бірі – Бейбіт Ибадуллаев.

Бейбіт Дүйсенұлы еңбекке араласқалы бері осы салада тынбай тер төгіп жүр. Нөсер-жауынға, боран-дауылға қарамай дала кезіп, табиғатты қорғап келеді. Ағаштар қорын көбейтуде де атқарған еңбектері ерен. Мұны табиғат-ананың алдындағы борышы санайды.

– Ауылдың қарапайым баласымын. Адал еңбектің нанын жеу өмірлік ұстанымыма айналған. Табандылық танытып, айтқанымнан қайтпай осы салаға білек сыбана кірістім. Қазір әріптестерімнің арасында абырой-беделім бар. Тау қопарып, тас жардым деп айта алмаймын, бірақ әрбір жұмысты, мойынға алған міндетті жауапкершілікпен орындап келемін», – дейді ол.

Үнемі елдің сыртында, бекітілген аймақта еңбек етіп жүрген Бейбіт иен далада қонып қалатын кездері бар екенін айтады.

– Еліміздің табиғаты сондай көркем, сондай бай. Аң-құстың, ағаштар мен өсімдіктердің түр-түрін кезіктіресің. Көңілің көкте қалықтаған құс тәрізді көтеріліп, туған жердің төсінде, ата-бабамыздан аманат болған алып далада еңбектеніп жүргеніме қуанамын. Мамандығымды мақтан етемін. Әсіресе, маңдай терімді төгіп, еңбектеніп, соның жемісін жеп жүргендегі сезім тіпті ерекше. Еңбек адамын құрметтеп, төрге шығаратын осы кезеңде қызметімізді айтып, ерекше алғыс та көрсетіліп жатады. Ондайда ең бірінші, ата-анамның «Адам бол!» деген ақылы ойға оралады, – дейді инспектор.

Бейбіт Дүйсенұлы мекеме басшысы С.Таймановтың арнаулы алғыс хатымен марапатталды. «Орман – еліміздің баға жетпес байлығы, дәулеті, теңдесі жоқ экологиялық қорымыз» деп ұрандаған саланың ел ішінде атқарып жатқан осындай ұшан-теңіз еңбегі бар. Әрине, марапат та жақсы, бірақ ең әуелі халықтың алғысы басты орында тұрады. Бейбіттің ұстанымы да осы..

Жыл бойы тыным таппайтын еңбеккерлер сексеуіл егеді, оны қоршайды. Терек, жиде, қара тал тәрізді ағаштардың бұтақтарынан қаламша жасап, оны мұз қалашыққа көмеді де, көктемде апарып отырғызады. Кәдімгі бағбан. Кейде оларды орманшы демей, бағбан дегің келеді.

– Айналаңыз жап-жасыл талмен көмкеріліп, жүрген жолыңыздың екі бетінде сексеуіл жайқалып тұрса, керемет емес пе?! Жазда аптап ыстықтан қорғайды, қыста ық болады. Ал кейде тіпті қардың жолға жиналуына кедергі болып, суықты да ұстап тұрады. Сондықтан ағаштарға тек отын ретінде қарау – ақымақтық. Табиғатты аялайық, оның қадірін түсінейік, – дейді табиғат жанашыры.

Таң раундап атпай жатып, Бейбіт көлігін оталдырып, жұмысқа қамданып жатыр. Иә, жұмысының жауапкершілігі жоғары. Табиғат-ананы алақанда аялап, оны күтіп-баптауды мойынға алып, өз міндетін мүлтіксіз орындап жүр.

Дәулет ҚЫРДАН

СЫРБОЙЫЛЫҚ ЗИЯТКЕРДІҢ ЖҮЛДЕСІ

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Нұрислам Дамирұлы республикалық лингвистикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша III орын иеленді.

Еліміздің 8-11-сынып оқушыларын жинаған ұлттық зияткерлік сайыста қатысушылар қолданбалы филология бағытында білімін сынады. Әртүрлі лингвистикалық тапсырмаларды орындай отырып, тіл саласындағы өзекті мәселелер бойынша өз тұжырымын жасады.

Зияткерлік мектептің намысын қорғаған Нұрислам Дамирұлы қарсыластарынан оза шауып, қоладан медаль тақты.

– Бұл олимпиада лингвистикалық білімнен гөрі логика мен сыни ойлауды қажет етеді. Мен үшін тапсырмалар қызықты болды. Тіл саласындағы білім көкжиегімді кеңейте түсті, – дейді ол.

ОЛИМПИАДА БАСТАЛДЫ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі басталды. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар негізінде 13 пән бойынша өткізіледі.

Облыстық кезеңге Қызылорда облысынан 448 оқушы қатысты. Пәндік олимпиада дәстүрлі форматта екі турда өткізіледі. 2024 жылғы 4 қаңтар күні бірінші туры, 5 қаңтар күні екінші туры өткізілді.

Ашықтық пен академиялық адалдықты сақтау мақсатында олимпиаданың өту процесі онлайн режимде бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген.

NIS: ЖАҢА ӘДІСТЕМЕ

Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп ұстаздары Кармақшы ауданындағы Т.Көмекбаев атындағы №250, Арал ауданындағы Ж.Әбдірашев атындағы №62, Жаңақорған ауданындағы №286 мектептерге барып, кезекті әдістемелік қолдау білдірді.

Сапар барысында оқу үдерісінде сандық ресурстарды тиімді қолдану бойынша практикумдар ұйымдастырылды. NIS педагогтері ауыл ұстаздарына сыныпта оқу экраны ретінде пайдалануға болатын – Classroomscreen, қысқа уақыт ішінде тест тапсырмаларының үлкен көлемін тексеруге көмектесетін – ZipGrade қосымшасының жұмыс істеу үдерісін үйретіп, Google платформасының мүмкіндіктерін таныстырды. Қатысушылар бұл қосымшалардың сабақты өткізу және оқушы жұмысын бағалау кезінде ыңғайлы және тиімді екенін атап өтті.

Ал Зияткерлік мектептің зерттеушілер тобы әріптестеріне Action Research және Lesson study зерттеушілік тәжірибелерімен бөлісті.

Педагог-кураторлар жүргізген практикумда қатысушылар тәрбие бағытындағы танымдық жобаларды жүргізуді ұйымдастыру және «100 кітап» жобасы арқылы оқушылардың оқу мәдениетін арттыру бойынша біліктілігін арттырды.

ДҮНИЕГЕ КӨШ КЕЛДІ, НӘРЕСТЕ!

Шаңырақтың шырайын кіргізетін шарананың іңгәлаған дауысы. Он екі мүшесі сау, жүрек соғысы қалыпты сәбиді өмірге әкелу әрбір ата-ананың тілегі. Тоғыз ай көтеріп, толғақтың жаңа жылмен тұспа-тұс келуі ерекше, әрине. Мұндайда жарық дүние есігін ашқан сәбиді де сүйіншілеу тым бөлек болар.

Күні кеше ғана халық саны 20 млн-ға жеткенін жарыса жазып, төбеміз көкке жеткені рас. Жаңа жыл қарсаңындағы көрсеткіш те жаман емес. Деректерге сүйенсек, республика перзентханаларында 191 сәби, 101 ұл және 90 қыз дүниеге келген. Көш басында Түркістан облысы тұр. Ал Шымкентте 38, Алматыда 22 бала туылып, ата-анасын бақытқа бөледі. Өңірімізде де мереке мезетінде сәби сүйген отбасылар бар.

– Облыс бойынша жалпы саны 9 нәресте дүниеге келді. Оның 4-еуі облыстық перинаталдық орталықта туылса, қалған 5-еуі облыс деңгейіндегі босану бөлімшелерінде дүниеге келді. Дүниеге келген сәбилердің 5-еуі ұл бала, 4-еуі қыз бала. Қазіргі таңда жағдайлары жақсы. Дәрігерлердің бақылауында, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Айгүл Төлегенова.

Жүрегінің астында сәби тыныстағаның сезу ана үшін бақыт. Әлемді әлдиімен тербеткен аналардың пікірін білген едік. Толқынысы мен қуанышын жасырмай, бүкпесіз ойын жеткізді.

– Қыз бала босандым.

Бұл – үшінші сәбиім. Аман-есен босанып, бауырыма бастым. Жаңа жылда әулетімізге Алланың берген сыйы болды. Әкесі «есімін өзім қоямын» деп, үлкендердің алдынан өтіп, Асылым деп атады. Өзім 1991 жылғымын. Негізі Арал ауданы, Сексеуіл ауылынанбыз, жұмыс бабымен осында орналастық, – дейді Гүлбану Айымбетова.

Жанұяның жарасымды болғаны жақсы. Ымырамен ынтымақтың да артатыны анық. Бұған Гүлбақша Дауқараеваның сөзі дәлел.

– Отбасындағы татулық пен сыйластықтың рөлі зор. Мұндай бақыт құрсақтағы сәбиге де әсер етеді. Жыл басы ғажайыпқа толы болды. Нәрестемді құшағыма алып, мәз-мейраммын. Бұндай сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әкесі ұлымыздың есімін Шаһкәрім деп қойды. Шәкәрім Құдайбердіұлы атасындай халқына жақын, дана, дара болсын деді. Ырымға мән берген халықпыз ғой. Баламның болашағы жарқын болатынына сенемін, – деді ол.

Ізгілік пен ізетті, сый мен құрметті тең ұстап, әулеттің жолын жалғайтын ұрпақ көбейе берсін. Саналы ұрпақ ұлт болашағы екені даусыз.

Замира ҚОНЫСЖАН

ЖЕТІ...

Биылғы жыл – ССС үшін өте мазасыз жыл болды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған Ң қаласының тұрғындары қатарынан 7 бірдей бай-бағланның ажал құшқаны туралы естіді, ішінде о жағдайды көзбен көргендері де бар. Кім өлтірсе де қансыз екен. Алайда, аталған шаһар адамдарының өзгелерден айырмашылығы – өлім олар үшін таңсық құбылыс емес, әрі әлгілер мұны тағдыр ісі деп ұғатындығында. Бұларды құдайсыз деп те айта алмас ек. Себебі, Жаратушыға сенеді. 7 оқиғаны бір-бірімен ортақтастыратын дүние – пентаграмма. Қылмыскер әр өлтірген адамның маңдайына дөңгелек, ал оның ішіне

бес жұлдызды таңбалаған-ды. Ең қызығы, сарапшылар әлгілердің неден қаза тапқанын анықтай алмады. «Бұл пентаграмма қандай мағына береді екен?» деп ойлады ССС.

Ол студент кезінен-ақ нумерология, эниология, парапсихология, оккультизмге қызыққан. Енді, кітаптағы қара ағаштай қатқан теория «сумаң» етіп «қарсы алдынан» шыға келгені. Жоғарыдағы белгі Ежелгі Қытай, Мысыр, Рим, Греция, Үндістан, Шумер елдерінде дінге, наным-сенімге, дәстүрге, дүниетанымға байланысты әртүрлі тәпсірленеді. «Мен қылмыскердің ұлтын да, дінін де, қай елдің азаматы екенін де білмеймін ғой» деп ойлады детектив. Бір білетіні – 7 адам да бір әулеттен. Бұл қарғыс па, әлде бұлар біреудің жолын кесті ме екен, о жағы да белгісіз.

Детектив жансыз денеге ұзақ қарап, ойға шомды. Бір сәтте ағашқа қарға қонды. Қарғаның жасы да үлкен, көргені де көп. Құс демесеңіз адамнан ақылды. ССС қатты қиналғанда сол құстан көмек сұрайды, екеуі ойша тілдеседі. Жігіт: «Маған сенің көмегің қажет! Қылмыскерді қалай тапсам болады?». Қарға: «Меніңше, қандықол қарақшы алыстан

келмеген секілді. Белгілерге мән бер».

Расында да, асфальтта 40-41-ші өлшемдегі аяқ киімнің ізі тұрды. ССС сол ізбен жүріп отырды. Бірақ көшенің басына шыққанда ол жоғалып кетті. «Қылмыскер дәл осы тұста аяқ киімін ауыстырды. Бірақ 7 миллионға жуық тұрғыны бар қаланың тең жартысы 40-41-ші аяқ киім киеді» деп тағы ойлады. Сөйтіп, ССС қылмыс болған жерге қайта барды. 7-еуі де әр айдың 7-сі қайтыс болған. Бұл сәйкестік пе, әлде жоспар ма?! Және бұл жаға ұстатар жағдайды ешбір бейнекамера түсірмеген. Басты мұрат – қылмыскерді тұтқындап, 8-ші өлімге жол бермеу. Мен оған ННН деген ат қойып, айдар тақтым. Жобалауымызша, ННН – сауысқандай сақ, қырандай қырағы жан. Бірде-бір белгі қалдырмаған. Жігіт кешқұрым сол әулеттің туған-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, жалпы араласатын адамдарының тізімін түзді. Бас-аяғы – 777 адам. Детектив солардың ішінен ең күдікті деген 7-еуін таңдап алды:

I

– Сіз осы әулеттен қарыз алып, оны қайтармапсыз...

– Мүмкіндігім болмады. Және, ол кісі тірісінде ақшасын сұраған да жоқ. «Кешірдім!» – деген.

– Қылмыскерді көрдіңіз бе?

– Көрмедім-м-м-м!.. Бірақ... (Алақаны терлеп)

– Иә!



– Тамыздың 7-сі... иә, иә, тамыздың 7-сі күні... бір адамды байқадым. Түр-түсін тани алмадым. Қараңғы еді... Тек артынан ғана көрдім. Сол үйдің маңайында біразға дейін жүрді. Көрші болған соң әр нәрсеге алаңдайсың!

– Сипаттап беріңіз...

– Қара туфли... (Ойланып) Қара шляпа... тағы, тағы... қара шалбар... бойы... бойы – орташа... сол аяғынан ақсайтын сияқты...

– Оны қайдан білдіңіз?

– Өйткені ол алғашында жай жүріп бара жатты да, далаға шыққан мені көріп жүрісін үдетті. Ақсағанын сонда көрдім…

– Сол күні қайда болдыңыз?

– Үйде, бала-шағаммен!

II

– Сіз осы әулеттің күзетшісі екенсіз. Марқұмның інісімен ренжісіп: «Мен сендерден кегімді аламын!» – депсіз.

– Айтқаным рас. Бірақ, кейін татуластық, еркекпіз ғой. Одан бұрын кек сақтау – мұсылман үшін жат қылық.

– Сол күні қайда болдыңыз? Ауылда. Әйелімнің туған күні болған. Сенбесеңіз – сұраңыз.

III

– Сіз осы әулет мүшелерімен бірігіп, бизнес саласында біраз жобаларды жүзеге асырған екенсіз. Қаржылық дағдарысқа байланысты олар Сізге қарыз болып қалыпты. Бірақ кейін жартысын ғана қайтарған екен...

– Міне, бүгін қалғанын берді. Сондықтан бұл іске қатысым жоқ. Одан бұрын намаз оқитындықтан қарыз дегенге аса бас ауыртпайтын адаммын.

– Қылмыс орын алған күні қайда едіңіз?

– Шетелде!

IV

– Сіз осы әулеттің жүргізушісі болыпсыз және бір жылдары қаза тапқан кісінің кенже ұлын ұрлап кеткен екенсіз.

– Ол үшін өзімнің тиісті жазамды алдым. Әлі сол үшін қатты өкінемін.

– Сол күні қайда болдыңыз?

– Нан алуға дүкенге кіргенмін. Бір кезде ел-жұрт шулап кетті. Сыртқа шықсам біреу жерде жатыр екен. Жанына барсам, мен танитын кісі болыпты шықты. Бірақ өлтірген мен емес. Қасымда дүкенші болды. Сондықтан алибиім – тастай.

V

– Сіз кезінде марқұммен дос болған екенсіз. Бірақ белгілі бір себептерге байланысты араздасып қалыпсыз.

– Құдай сездірді ме, білмеймін. Алайда, ол өлерінен бір күн бұрын менен кешірім сұрады. О кезде жұмыста отырғанмын. Ал келесі күні «қайтыс болды» деген суық хабар жетті. Шынымды айтсам, өкпеге қисақ та, өлімге қимайтын қазақпыз ғой. Төбемнен жай түскендей күй кештім.

– Сол күні қайда болдыңыз?

– Шешемнің 7-сін тараттым.

VI

– Сіз марқұмның оққағары болыпсыз. Мұндайға қалайша жол бердіңіз?

– Ол кісі көліктен түскен сәтте біреу хабарласты.

– Әйелі қоңырау шалған.

– Солай ғой деймін... Біз банкке бара жатқанбыз. Аға маған «кіре бер» дегендей белгі берді. Мен есіктен еніп, 7-ші нөмірлі талон алдым-дағы, ол кісіні күтіп отырдым. Сағат түскі бірден 7 минут асқан кез еді. Сөйтіп, далаға шыққанымда жаңағыдай жағдай орын алды. Санасам, марқұм 57-ақ жас өмір сүріпті ғой.

VII

– Сіз марқұмның хатшысы болған екенсіз.

– Иә!

– Тағы, әйелімен ажырасуына себепкер болыпсыз...

– Бірақ олар кейін қайта қосылды емес пе?! Мен оның ақшасына қызыққан емеспін. Себебі, өзімнің де жағдайым жақсы. 7 үйім бар. Жетеді!

– Оқиға орын алған күні қайда едіңіз?

– Қала сыртындағы Д атты елді-мекенде. Сол жақта үлкен зауыт салғызғанмын. Соның ашылу салтанатына қатыстым. Куәгерлер бар.

***

ССС үшін әлі де бәрі бұлыңғыр. Бұл қылмыстың әлеуметтік, психологиялық, діни астары бар екенін де білмейді. Кешкі сағат 7-лер шамасында, анығында – 19:07. Ойға шомған детективтің жанынан қолына 7 қарға ұстаған бейтаныс өтіп бара жатып, кідірді де, одан Ж көшесіне қалай баратындығын сұрады. Күңгірттеу жарық әлгі адамның оң қолына түскенде, ССС домалақ ішіндегі бес жұлдызы бар пентаграмманы көрді. Сол аяғын сәл сілтіп басады екен. Қара туфли киген, қап-қара көзілдірік таққан, қара шляпа, қара шалбар киген орта бойлы кісіні детектив қолынан шап беріп ұстағаны сол еді, әлгі жұлқынып шығып кетті де қаша жөнелді. ССС бейтаныстың артынан қуды. Қап-қара көше... Ол жеткізбей кетті. 7 қарғаның қарқ-қарқ еткен дауыстары жан-жақтан естілді. ССС қай жаққа жүгірерін білмей дал болды. Детектив ойша: «Қарға, бұл кім? Неткен 7 қарға, айтшы?!.» – деп еді, қазір ғана ұшып келген сенімді серігі Қарға – үнсіз.

Келесі күні. Сағат 17:17 кезінде әлгі қолына 7 қарға ұстаған бейтаныс полиция бөлімшесіне ССС-ны өзі іздеп келді. Детектив «ұсталдың ба, бәлем» дегендей жабыса кетті. Сөйтсе, ССС бейтаныстың артынан жүгіргенде куәлігін түсіріп алыпты. Күдіктінің бұл қайырымды ісіне қарамастан жігіт оны «Уақытша тергеу абақтысына» қамады. Осымен іс бітті деуге болар. Алайда... Алайда 7 қыркүйек күні құпия жағдайда сол әулеттің тағы бір адамы қайтыс болады. Мұнда да солай. Күдікті – абақтыда. Сонда оларды кім өлтірді және не үшін? «Енді, қайтсем екен?!» деп ойлады детектив. Бір сәтке бойын дәрменсіздік биледі. Қарға ССС-ға алыстан қарап тұрып «қарқ» еткенде жігіт жалт қарады: «Е-е-е-е, Сен бе?! Кеңес берші, маған Қарғам! Ойым он, санам сан саққа бөлінді». Қарға: «Сократ айтқандай, шындық жаныңда...», – деді де ұшып кетті...

Сөйтіп, детектив Ң қаласына мәшһүр балгерге барып, құмалақ аштырды. ООО есімді емші ССС-ға қарап тұрып:

– Бұл әулет қарғысқа ұшыраған. Өйткені кезінде Жаратушыға жақын жанды ренжіткен. Өзің білетіндей жетім-жесір, кедей-кепшіктің дұғасы кері қайтарылмайды...

– Оны қалай тоқтатуға болады?

– Кешірім сұрап, разылығын алу керек...

– Бұл – ауқатты әулет екен.

– Иә, ауқатты...

– Марқұмның әйелі нашар екен. Мысықтілеу... дүниеге тойымсыз.

– Қылмысқа бұл әйелдің қатысы болуы мүмкін бе?

– Мүмкін!..

Емші ұзаққа дейін көзін жұмған күйі үнсіз отырды да, артынша күрсінді.

– Түсініксіз... – деді де тоқтап қалды. Бір кезде дірілдеп, қалшылдап, орнынан тұрды да қайта отырды. Қайта тұрды да, қайта отырды. Сезіктенгендей, орындықта отырған ол диванға сенімсіздеу сырғыды.

– Қорықпа!.. Түсініксіз! – деп тағы да ілкі сөзін қайталады. – Не аң, не адам екені белгісіз. Әйтеуір, бір жаратылыс иесі. Әйтеуір, қап-қара бір сұлба...

– Рақмет! – деп ССС емшінің алдына 7000 теңге қойып, шығып бара жатқанда, балгер:

– Сен ол қылмыскерді таппайсың! – деді сенімді сөйлеп...

– Табамын!

– Тапқан күннің өзінде сен оны соттай алмайсың...

– Неге?! – деді детектив қабағын қарс түйіп.

– Және қылмыскерді тапқанда қатты таңғаласың!.. – деп күлді.

***

Әл-дәрмені құрыған ССС Полиция бөлімшесіне барып, қолына 7 қарға ұстаған бейтаныста босатты. Оның қолындағы белгі армиядан бері бар екендігі анықталды. Ал, кешке марқұмның үйін төңіректегені – көзі нашар көріп, бауырының үйімен шатастырғандығынан. Ж көшесін сондықтан сұрапты. Қашқаны – қорыққаны. Детектив үйіне көңілсіз қайтты. Ас-ауқатқа да тәбеті тартпады. Төсегінде ұзаққа дейін дөңбекшіп ұйықтай алмады. Көз алдына қандықол қарақшының қап-қара сұлбасы келе берді, келе берді. «Қылмыскер кім? Оны қалай тұтқындаймын? Неге ол нақ сол әулеттің адамдарын өлтіріп жүр?» деген сауалдар шақшадай басын шарадай қылды. Сол кезде марқұмның әйелі қоңырау шалды. Есімі – ҒҒҒ.

– Сәлеметсіз бе! Мен бір маңызды мәселе жөнінде айтуды ұмытып кетіппін...

– Қандай?! – деп детектив орнынан тұрды.

– Біз осыдан 7 ай бұрын ӨӨӨ деген кісіні қызметінен босатқанбыз. Бұған себеп – оның ақыл-есінен айырылғанында. Бірде менің күйеуім ӨӨӨ-ге дауыс көтергенде, ол аласұрып: «Жарып тастаймын!» – деп пышақ ала жүгірген.

– Содан...

– Ол бізде аула сыпырушы болып жұмыс істеді. Оның жанында III деген досы бар тұғын. Біз оны бұрынырақ, 17 ай бұрын жұмыстан шығарғанбыз.

– Сіздің ойыңызша, қылмысты бір емес, екі адам істеуі мүмкін бе?

– Иә!

– Мұны алдымен дәлелдеу керек, ал екіншіден жынданған адамды соттай алмаймыз.

– Әулетіміз үшін ең маңыздысы – қылмыскерді құрықтау...

– Бұл екеуін қайдан табамыз?

– Қала сыртындағы Орталық көпір жақтан. Мен Сізге жол көрсетіп отырамын.

– Онда, дайын отырыңыз. Қазір мен сізге барамын...

Әлібек БАЙБОЛ

Басы. Жалғасы келер санда

АРМАН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Абылайхан Жұбаназар өткен жылы үлкен белесті бағындырып, Грузияның астанасы Тбилисиде дзюдодан өткен «Grand Slam» турнирінде күміс жүлдегер атанды.

Бүгінге дейін бірнеше спортшымыз Олимпиада ойындарында дзюдодан ел намысын қорғады. Сол спортшылардың жалғасы балуан Абылайхан Жұбаназар өткен жылы үлкен белесті бағындырып, Грузияның астанасы Тбилисиде дзюдодан өткен «Grand Slam» турнирінде күміс жүлдегер атанды. Араға алты ай салып, Қытайдың Ханджоу қаласында өткен XIX жазғы Азия ойындарына қатысып, қола жүлде иеленді.

Қазалы қаласында 2000 жылы дүниеге келген Абылайхан қазақ күресіне 2013 жылы аяқ басты. Оның бозкілемдегі шапшаңдығын байқаған бапкері Мұхтар Күзентаев болатын. Талантты жасты қыран құстай баптаған бапкер мен еңбекқор шәкірттің ұзақ жылғы табан ет, маңдай тері уақыт өте ақталды. Әуелі ауданда, кейін облыс пен республикада спортшының жеңісті жолы басталды. Мәселен, республикалық «Жас барыс» турнирінде бес мәрте топ жарды. Кейін самбодан Азия чемпионы, дзюдодан Қазақстан жастары арасында екі дүркін жеңімпаз атанды. Осылайша, өзінің шын мықты екенін дәлелдеді.

– Өткен жылы халықаралық жарыстарда бағым жанды. Жыл басында Грузияда «Grand Slam-да» үздік үштіктен көрініп, күміс жүлдені еншіледім. Бұған дейін «Grand Slam» және Гран-при жарыстарында жүлде алып көрмегенмін. Содан әлемдік доданың екінші күні 81 келіге дейінгі салмақта финалға дейін төрт кездесу өткіздім. Жарысты екінші айналымнан бастап, іріктеу кезеңінде Канада және Польша спортшыларын тізе бүктіріп, артта қалдырдым. Сонан соң ширек финалда молдовалық Виктор Стерпуден басым түстім. Ал жартылай финалда татами иесі, грузиялық Дмитрий Гочилидзеден вазари әдісімен ұтылып жатып, таза жеңіске жеттім. Ақтық сында аустриялық Уашид Борчашвилимен алтын жүлдені сарапқа салдық. Спорт болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Ол жолы маған алтын емес, күміс медаль бұйырды, –деді ол.

Рас, 81 келі салмақтағы бәсеке дзюдода өте жоғары. Әлемдік бәсекелерді есептемегенде ішкі біріншіліктің өзінде топ жару оңай шаруа емес. Оған осы кезге дейінгі жарыстарда көзіміз жеткен.

– Бәсекелестің жоғары болғанының арқасында ысылып, оң нәтиже көрсетудеміз. Қытайдағы байрақты бәсекеге әлемнің кіл үздіктері келді. Нәтижеге көңіл толды, – дейді балуан.

Айтпақшы, сөзімізге арқау болған Ханджоудағы байрақты бәсекеде 81 келіде 30-ға тарта татами шебері бақ сынады. Абылайхан бұлардың көбісінің әдіс-тәсілдерін білетін болып шықты. Олардың кейбірімен әлемдік жарыстарда жолы түйіскен еді. Жарысты көгілдір экраннан тамашалағанда көрерменге де бұл айқын байқалған шығар. Әйтеуір жартылай финалда тәжікстандық қарсыласы Соман Махмадбековке есе жіберген жерлесіміз осы сәтсіздіктен кейін үшінші орын үшін күресте өзбекстандық Мұса Собировтан басым түсті.

– Өткен жыл Сыр спорты үшін жемісті жыл болды деп ойлаймын. Азия ойындарында дзюдодан Мағжан Шамшадин мен Нұрлыхан Шархан да қола жүлде иеленді. Сол сәттегі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жаттықтырушы Қален Қалиұлына алғысым шексіз. Ендігі мақсат – 2024 жылы Париж татамиінде тәуір нәтиже көрсетіп, ел қоржынына жүлде салу. Өйткені төрт жылда бір болатын Олимпиадада жеңіс тұғырынан көріну кез келген спортшының арманы, – дейді ол.

Иә, дзюдода рейтингі жоғары спортшының ғана Олимпиадаға жолы түседі. Балуандардың босаңдық танытуына болмайды. Бұл ретте Абылайхан осалдық танытпайтынына сенім мол.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ЖОЛДАСТЫҚ МАТЧ ӨТКІЗЕДІ

Футболдан Қазақстан құрамасы жолдастық матч өткізеді. Қазіргі таңда матчтың уақыты да нақтыланған. Ол – ақпан айы.

Бұл кездесу наурыз айында УЕФА Ұлттар лигасы плей-офф сатысында Грекияға қарсы ойынға дайындық барысында болады.

Бұл туралы ұлттық құраманың бас бапкері Магомед Адиев айтты.

«Алдағы ойынға жоспар құрып жатырмыз. Еліміздің барлық клубы ұлттық құрамаға көмектеседі деген үміттемін. Ақпан айында жолдастық ойын өткіземіз. Ұлттық құрама футболшылары бір апта бойы дайындықтан өтеді», – деді ол Qazsport телеарнасына берген сұхбатында.

Еске салсақ, Греция – Қазақстан матчы Афиныда 21 наурызда өтеді. Жеңімпаз Еуропа чемпионаты жолдамасы үшін Грузия – Люксембург жұбындағы ең мықтымен ойнайды.

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Қазақстандық теннисшілер жаңартылған әлемдік рейтингіде жоғары көтерілді. WTA рейтингісінде Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина 4-орнын сақтап қалса, Юлия Путинцева 66-дан 63-ке, Жібек Құламбаева 469-дан 465-ке шықты.

Жұптық сында Қазақстанның бірінші ракеткасы Анна Данилина 56-дан 54-ке, Ж.Құламбаева 146-дан 143-ке, Аружан Сағындықова 918-ден 892-ге, Жанель Рүстемова 1004-тен 997-ге жоғарылады.

Ерлер арасында Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик бұрынғыша 32-сатыда келеді.

Бейбіт Жұқаев – 188, Денис Евсеев – 190, Тимофей Скатов – 222, Михаил Кукушкин 264-орында тұрса, Дмитрий Попко 455-тен бірден 419-ға жоғарылады. Сол секілді Григорий Ломакин (794, +1), Алексей Нестеров (1555, +4), Тимур Мәуленов (1996, +22) көрсеткіштерін жақсартты.

Жұптық сында Александр Недовесов 45-сатыға жайғасса, Александр Бублик 224-тен 223-ке, Денис Евсеев 561-ден 559-ға, Д.Попко 800-ден 780-ге көтерілді.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын Денис Евсеевтің Аустралияда негізгі турнирге жолдама алғанын жазған болатынбыз.

Сондай-ақ Юлия Путинцева жылдың алғашқы матчында жеңіліп қалды.

ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ ҚАРЫМДЫ ЖЫЛЫ

Былтыр боксшыларымыз Өзбекстанда өткен әлем чемпионатында 4 алтын, 1 күміс медальға қол жеткізіп, жалпыкомандалық есепте 2-сатыға тұрақтады. Десе де Ташкент шәрінде өткен әлем чемпионатына кейбір ел әлемдік саясаттың салқыны тиетіндіктен боксшыларын жіберген жоқ. Көктемде осындай толайым табысқа жеткен жуан жұдырық жігіттер қоңыр күзде жазғы Азия ойындарында ойсырай ұтылғаны еңсемізді еңкейтті.

Семсерлесуден Италияда өткен әлем чемпионатында Руслан Құрбанов қазақ

спортының тарихында тұңғыш рет қола медаль иеленді.

Түркияда өткен әлем кубогінде командалық сайыста Қазақстан құрамасы тұңғыш рет жеңіске жетті. Руслан Құрбанов, Эльмир Әлімжанов, Ерлік Сертай, Вадим Шарлаимов бастаған семсерлесушілер әлем кубогінде барлық қарсыласты айқын ұтты. Семсерлесушілер Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен жазғы Азия ойындарынан күміс медальмен оралды.

Каратэшілер Азия чемпионатында жалпыкомандалық есепте көш бастады, стенд ату мен нысана көздеуде мергендеріміз әлем кубогінде олжалаған медаль саны бойынша алдыңғы орында.

Жекелей сында Әсем Орынбай Катардың Доха қаласында өткен әлем кубогінің финалдық кезеңінде алтын медаль иеленді. Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарында қола жүлдеге қол жеткізді.

Нысана көздеп атудан Әзербайжанда өткен әлем чемпионатында Фатима Ерназарова мен Александра Сәдуақасова

жеңіске жетті. Мергендеріміз Бакудегі әлем чемпионатынан 2 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль еншілеп қана қоймай командалық сайыста топ жарды.

Грек-рим, еркін һәм әйелдер күресінен де балуандарымыз жастар мен ересектер арасында өткен Азия чемпионаты, әлем біріншілігі сынды айтулы дода мен халықаралық турнирде олжа салды.

Күрестегі жетістікті айтқанда 92 келі салмақта әлем чемпионы атанған Ризабек Айтмұханның абадан еңбегін айрықша атау керек. Еркін күрестен қазақ елінің тұңғыш әлем чемпионы. Күрестің осы түрі қазақ даласына қазығын қаққанына 70 жылдың жүзі десек, әлем чемпионатының алтыны бұйырмай келді. Осы кетікті бүтіндеген тұңғыш балуан Ризабек Айтмұқанның еңбегі «Жылдың үздік спортшысы» аталымына татымапты-мыс, содан кейін «Спорттағы үздік серпін» атанды. Сербияның Белград қаласында өткен әлем чемпионатында еркін күрестен Азамат Дәулетбеков пен әйелдер күресінен Жәмила Бақбергенова қола медаль иеленді. Грек-рим күресінің балуандары жаппай жеңіліп әлем чемпионатынан медальсіз қайтты.

Дзюдо күресінен әйелдер арасында Әбиба Әбужақынова тұңғыш рет Гран-при додасында топ жарды. Қазақтың қос қызы әлемдік доданың финалында күресіп, Ғалия Тынбаеваға күміс медаль бұйырды.

Астана қаласында алғаш рет ғаламдық Grand Slam турнирі өтті. Балуандарымыз 1 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль иеленді. 60 келіде Мағжан Шамшадин жеңіске жетті, 66 келі салмақта Ғұсман Қырғызбаев күміс медаль алды. Дзюдошыларымыз былтыр

Өткен жылы ел спортшылары халықаралық сайыстардан 586 медаль олжалады. Сан жағынан саралағанда аз көрсеткіш емес. Олимпиадалық спорт түрі бойынша 121 алтын, 111 күміс, 141 қола медаль иеленді.

27 медаль иеленді. Оның ішінде 2 алтын, 8 күміс, 17 қола жүлде бар.

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы келесі жылы Германия елі өткізетін Еуропа чемпионатының іріктеу туры аясында толайым табысқа жетті. Жүз жылдан аса тарихы бар қазақ футболы Еуропа чемпионаты, әлем біріншілігіне іріктеу болсын дәл биылғы деңгейге жете алған емес. Ресейлік маман Магомед Әдиев баптайтын ұлттық құрама іріктеу туры аясында өткізген 6 мачта жеңіске жетіп, 4 ойында жеңіліс тапты. Десе де, әлі де Еуропа чемпионатына қатысу мүмкіндігі бар. Ол үшін биыл көктемде алдымен 2004 жылғы Еуропа чемпионы Греция құрамасын ұтуы тиіс. Ендігі меже – Париж жазғы Олимпиада ойындары.

ХОККЕЙШІЛЕР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАДЫ

Шайбалы хоккейден 2023 жылғы әлем чемпионатының элиталық дивизионында Қазақстан құрамасы топтық кезеңдегі соңғы ойынын өткізді.

Ғалым Мәмбетәлиев шәкірттері бұл жолы турнир кестесінде бірде-бір ұпай жинамаған Словениямен жолықты. Екі құрама бұған дейін он бір мәрте кездескен. Сегіз ойында Қазақстан, үшеуінде Словения жеңіске жетті.

Отандастарымыз осыған дейін алты ойынның екеуінде буллитен жеңген. Атап айтқанда, Норвегия мен Словакиядан 4:3 есебімен алға шыққан болатын. Бұл матчта құрамамыз қарсыласынан 4:3 есебімен басым түсті.

Қазақстан 7 ұпаймен В тобында алтыншы орында тұр. Бұл кездесуде шабуылшы Евгений Рымарев үздік ойыншы атанды.

Жинақтаған
Б.ШАҒЫРОВ

Ең қауіпсіз әуежай Израильде

Көктегі қозғалысты барлап көрдіңіз бе? Жұмыр жердегі тыныс-тіршілікпен таныспыз, ашық аспандағы әр сәт те айрықша екені ақиқат. Әйткенмен, әуеде қалықтаған ұшақтың да қиындығы бар екен. Бұл жөнінде әуе диспетчері Еркебұлан Әлібекұлымен әңгімелескен едік.

– Аспан әлемі кім-кімге де қызықты. Осы орайда әуе диспетчерінің қызметіне тоқталсаңыз...

– Әуе кеңістігінде 10 мыңнан аса ұшақ ұшып жатыр. Олардың бір-бірімен соқтығысып қалмауын қамтамасыз ету әуе диспетчерінің міндеті. Әрине бұған ғылым мен техника да көмектеседі. Ұшақты монитор арқылы бақылап, радиобайланыспен нұсқаулық береміз.

Елімізде білікті әрі тәжірибелі маман жетерлік. Соның ішінде ақтөбелік әуе диспетчерлерін айрықша атауға болады. Көрші елдерде орын алған жағдайға байланысты Ақтөбеде ұшатын ұшақ саны бірнеше есеге көбейді. Осылайша диспетчер бір сәтте 40-тан астам ұшақты басқарған. Егер әрқайсысында 150 адамнан болса, 6 мың жолаушының өміріне жауап беріп, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Ұшақ бір орында тұрмайды, ылғи қозғалыста. Әртүрлі жылдамдықпен біреуі жоғары, енді бірі төмен ұшады. Бұдан бөлек ауа-райы әсер етіп, тосын жағдай да орын алуы ықтимал. Мұның бәрін қадағалап, алдын алуда әуе диспетчерлерінің маңызы зор.

– Кейде диспетчер мен ұшқыш арасындағы байланыс үзіліп кететіні рас. Соның салдарынан апат болған жағдай да аз емес. Әуе қозғалысын басқару қаншалықты қиын?

– Бұл мәселе әлемде де өзекті. Сондықтан байланыс жұмысына көп көңіл бөлінеді. Ұшақтағы және жердегі құрылғы, тіл мен сөз құрылымы тікелей әсер етеді. Ұшқышпен байланыс үзілгенде дабыл қағып, шулап кетпейміз. Байыпты шешім қабылдау қажет. Алдымен апаттық және қосымша құралдарды қолданамыз. Ұялы телефон немесе басқа лайнердегі ұшқыштар арқылы байланысамыз. Көптеген резервтік жүйе сол үшін қарастырылған.

Қуанышқа орай, байланыс үзілу жағдаяты сирек. Мәселе байланыста емес, диспетчер мен ұшқыш бір-бірінің тілін түсінуі қиын. Ұлт көп болғандықтан, тілі де, акценті де әртүрлі. Американдықтар тез әрі қысқартып сөйлейді. Сондықтан әуе саласында алмастыруға келмейтін, шатастыруға болмайтын тұрақты тіркестер бар. Соны назарға аламыз.

– Ұшақ істен шыққан жағдайда ұшқыштың импровизациясы қандай болуы мүмкін?

– Ұшақтың қанаты ең маңызды элементі болғандықтан, онсыз ұшу мүмкін емес. Мұндайда тіке жерге құлайды. Әрине істен шығудың себебі көп. Егер бір қозғалтқыш бұзылса, қалған қозғалтқышы арқылы жұмысын жалғастырады. Осындай сәтте ұшқыштың әрекеті ойлы, нақты болу тиіс. Жағдайды барлап, жақын маңда әуежай бар-жоғына көз жеткізіп, аман-есен қона алады. Бірде ұшақ түтіннің ортасынан өткенде екі қозғалтқыш та істен шыққан. Оның көмегінсіз-ақ ұшқыш 100 км-ге дейін жетіп, апатты болдырмаған.

– Ұшақ пен құстың қақтығысы жайында естідік. Алпауыт әуе транспортын талқандайтындай құста қандай күш бар?

– Кішкентай құс болғанымен 200-300 тонна салмақтағы ұшаққа айтарлықтай қауіп төндіреді. Бір-бірімен соқтығысудағы әлсіз тұсы қозғалтқышы. Құстар кейде жалғыз, кейде топ болып ұшады. Бірнеше құс қозғалтқыштың ішіне кіріп, тіпті 1-2 кг құс бөлшегін сындыруға қауқарлы. Терезені сындырып, ішке еніп, ұшқышты жаралаған оқиға да болған. Сондықтан әуежай маңынан құстарды үркітіп, ұшыруға амал қарастырады. Сонда да құтылу мүмкін емес. Бұл – заңдылық. Құстар ұшақтың ұшуына кедергі деп ойлаймыз. Десек табиғаттың жаратыған құстар те бөлшегі, бөлек лыс. Бұрыннан тіршілік етіп келеді. Ал әуе транспортын кейін ойлап таптық. Демек, ұшақ құстың қозғалысына бөгет болып жүр.

– Жылдамдық жайында айтсаңыз. Сіздің көзқараста көңілден шығар әуежай мен мықты ұшақ қандай?

– Ұшақтың жылдамдығы жөнінде белгілі санды айту қиын. Өйткені ол ұшақ типіне қатысты. Әскери ұшақ жылдамдығы 3-4 мың км/сағат болса, жолаушы тасымалдайтыны 200-250 км/сағат.

Өткен жылы Алматыда оқуда болдым. Сонда әлемдегі ең қауіпсіз әуежай Израильде екенін біліп, таңқалғаным рас. Қаншама қақтығыс, соғыс болатын мемлекет екені бәріне мәлім. Соған қарамастан Бен-Гурион әуежайы болған. Террорлық шабуылдың әсерінен адамға да, ұшаққа да зақым келмеген. Келеңсіздікті реттейтін жүйесі де орнықты.

Әлемдегі мықты ұшақ Ан-225 дер едім. 6 қозғалтқышы бар, 640 тоннаға дейін көтеретін украиналық ұшақ. Ан-225 «Мрия» украин тілінен аударғанда арман деген мағынаны білдіреді. Карантиннің кезінде әлемді шарлап, Алматыға да келген. Дәрі-дәрмек пен құрал-жабдық тасымалдаған. Украина мен Ресей арасындағы жағдай негізінде қазір ұшпайды.

Сұхбаттасқан
Замира ҚОНЫСЖАН

Шетелдік ұстаздардың білімге ықпалы зор

Мұхиттың ар жағынан асып келген мамандармен байланысқа түсу соңғы жылдары ептеп қолға алынды. Шетелдік тәжірибелік білімді арттыруға келген оқытушылар еліміздің әр қаласында қарқынды жұмыс атқарып жүр. Білікті маман даярлауда жоғары оқу орындары да бірінен бірі қалыс емес. Академиялық ұтқырлық, ғылыми жоба мен басқа бас-тамалар жүйелі жүргізілуде. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқу бағдарламасы да болашақ мамандарға сапалы білім беруде. Салалық менеджментті арттыру, нарықтық экономикада бой көтеруге шетелдік тәлімгерлердің берер пайдасына көз жүгіртіп өтсек.

Ғалымдардың пайымдауынша Қазақстандағы білім беру әдістемесіне жаңашылдық қажет. Кеңестік дәуірдің ұшқыны білінетін қазіргі оқу бағдарламалары мамандарға кедергі болады. Ал шетелдік технологиялар қай салада болсын көш бастап тұр. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бағдарламасына енген шетелден мамандар тарту үшін жыл сайын қыруар қаржы бөледі. Игеруге берілген қаражат шетелдік ұстаздар Қазақстанға тартуға жұмсалынады. 2010 жылдан бастап Қазақстан «Болон процессіне» енді. Бұл 49 мемлекет қол қойған декларация білім алуға зор мүмкіндік жасайды. Шетелдік оқытушылар Қазақстандағы зияткер қоғамның қалыптасуына негіз.

Қорқыт ата университетіндегі шетелдік ұстаздар тіл мамандарын дайындайды. Десе де тілдік барьердің кедергі келтірмейтінін айтты.

«Ағылшын тілінен сабақ беремін. Алайда студенттермен байланысқа түсуге бұл еш кедергі жасаған емес. Себебі ағылшыннан бөлек орыс тілін түсінемін. Сондай-ақ студенттер білімді. Олармен ағылшын және орыс тілдерінде еркін сөйлесе аламын. Қазақстандағы университетте тәжірибе алмасып жатқанымды мақтан тұтамын. Студенттер алғыр. Олардың сабақ барысында қоятын сұрақтары, білімге құштарлықтары жұмысымды қызықты етеді», – дейді оқытушы Анна Кубас.

Ұстаздардың біліктілігін студенттердің нәтижесіне қарай білуге болады. Шетелдік оқытушылар білім берудің өзге әдіс тәсілдерін қолданып, шәкірттерді машықтандырады.

«Мен 2 курста оқимын. Шет тілі пәні мұғалімі мамандығын меңгерудемін. Ағылшын пәнімен қатар кәріс тілін таңдадым. Кореядан келген Ким Ён Бом есімді оқытушы 2 жылдан бері сабақ береді. Өте тәжірибелі және студенттеріне мейірімді, қамқор. Сабақ берумен қатар, өміріндегі қызықты оқиғаларымен бөлісе отырып, уақыттың пайдалы өтуіне ықпал жасайды. Әрқашан студенттің ойымен санасып, еңбекті, ізденімпаздықты адал бағалайды. Болашақ маман үшін бұл өте маңызды. Оқу тобымыз Ким Ён Бом ағайға бауыр басып қалды. Сабақта ғана жүздеспей, бірге шай ішіп, ой бөлісеміз. Қазақтың дәстүрі мен ұлытымыздың тарихына қызығушылық танытады», – дейді студент Досым Әділхан.





Нұршат НЫШАНОВА

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(6 – 10 қаңтар)

Тоқты
Апта басында қиын мәселелермен беттесуіңіз мүмкін. Оның шешімін тек қана қолдаушыларыңыз бен беделді таныстарыңыз ғана шеше алатынын естен шығармаңыз.

Торпақ
Апта жағынан жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Алайда аяқсыз қалған жұмыстарыңызды ойлап бас қатуы мүмкін. Жақындардың көмегінен бас тартпаған жөн.

Егіз
Орын алған жайттардың бәрі жақсы болып көрінгенмен біршама қиындықтар туады. Ісіңіз ойдағыдай болмауы мүмкін. Сондықтан ойланып әрекет жасаған абзал.

Шаян
Басқару қабілетінің арқасында махаббатта жолыңыз болады. Жалғыз жүрген жандар серігін іздеуде асқан белсенділік танытады. Әртүрлі саладағы адамдармен оңай тіл табысып, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылады.

Арыстан
Өміріңізде үлкен өзгеріс болғалы тұр. Тек жақсы жағынан. Қашанда байыппен қарап, ақырын күтіңіз.

Бикеш
Жұмыста, жеке өміріңізде көптеген қиындық туындайды. Өз күшіңізге сеніңіз. Болашақта табысқа жеткіңіз келсе, сабырлық таныту қажет. Табандылығыңыз дәрежеңіздің өсуіне себепкер болады.

Таразы
Денсаулығыңызға қараңыз, өзіңізді күтіңіз. Махаббатта жолыңыз болады. Аптада жоспарларыңыз сәтті жүзеге асады.

Сарышаян
Абайлаңыз, отбасыңызда түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Жақындарыңыздың жаман жағын емес, жақсылығын көре білгеніңіз дұрыс.

Мерген
Апта қарбаласқа толы болмақ. Тіптен оқиғаның бірінен кейін бірі орын алып жатқанына таң қалуыңыз да мүмкін. Жіберген қателіктеріңіздің жазасы деп есептеп, дұрыс шешім қабылдаған жөн.

Тауешкі
«Бір қиындықтың артынан екі жақсылық күт” демекші, кез-келген қиындыққа шыдап бағыңыз. Ісіңіз алға жылжуы мүмкін. Сондықтан бәріне түсіністікпен қараған абзал.

Суқұйғыш
Достар тарапынан жаңа мүмкіндіктер ашуға қолайлы ұсыныс түсуі мүмкін. Егер сіз өзіңіздің алғыр да әділ қасиеттеріңізді мейлінше көрсете білсеңіз, жақсы жетістіктерге қол жеткізуіңіз мүмкін.

Балық
Адамдармен танысу сіз үшін пайдалы. Сондықтан мұндай мүмкіндіктерден бас тартпаған жөн. Жақындармен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа еш мойымай алға қадам басыңыз.

Кезекші редактор: Н.НЫШАНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 9